

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

12.01.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы - п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаева, АҚ мүшелері - п.ғ.к., доцент М.Жаздықбаева, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова, аға оқытушы Э.Халилаева; жұмыс беруші өкілдері: «Балдырған» балабақшасының меңгерушісі С.М.Есетова, «Айгөлек бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің меңгерушісі Л.С.Ыдырысова, «Алия» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің меңгерушісі М.С.Қожамуратова, магистрант С.А.Мирзаева, білімгер Д.Д.Жарылхасын.

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде

1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну.
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы А.Жумадуллаева: Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бакалавр деңгейіндегі жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу. Қаңтар айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық. Бізде жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ға 6 жаңа пән енгізілді. Жаңа пәндер осы сараптама берушілердің ұсынысы бойынша жасалды.

«Айгөлек бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің меңгерушісі Л.С.Ыдырысова: Заман талабына сай қазіргі болашақ маман психологиялық-педагогикалық ғылымның озат идеялары мен ғылыми теорияларын іс-тәжірибеде қолданып, әр күн сайын толықтырып отырумен де ерекшеленеді. Біз Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша әзірленген білім беру бағдарламасына, оқу жоспарына «Мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасы», «Мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру» деген пәндерді ендіруді ұсынамыз. Мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасымен білімгерлер ЖОО қабырғасында танысып, біліп келуі шарт. Осы орайда аталған талаптар мен құзыреттіліктерді игеру болашақ мамандардың білім алуына жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық қызметтің көлемін жоғары дәрежеде қарастыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру студенттерге теориялық білім береді, балабақшада жұмыс істеу үшін ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастырады және түрлі әдіс-тәсілдермен, формалармен таныстырады, жаңа педагогикалық технологияларды үйретеді.

«Балдырған бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің меңгерушісі С.Есетова: Қазіргі білім беру саласында кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар даярлау мақсатында, қазіргі заманғы мектепке дейінгі мекемелерде туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін жан-жақты маман даярлануы қажет. Біз Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша әзірленген білім беру бағдарламасына, оқу жоспарына «Көркем әдебиет және драма», «Балалардың шығармашылық дағдыларны дамыту әдістемесі» деген пәндерді ендіруді ұсынып отырмыз. «Көркем әдебиет және драма» бұл бағыттағы жұмыстар балабақша практикасымен тығыз байланысты және жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуден көруге болады. Көркем әдебиетін сөз өнері ретінде қабылдауға қабілетті МДҰ-ның жоғары білікті мамандарын дайындауды қамтамасыз ету және мектепке дейінгі балаларды көркем кітаптарды оқуға деген сүйіспеншілік пен қызығушылығын тәрбиелеу. Берілген оқу пәнін оқу барысында студент түрлі елдердің балалар әдебиетінің дамуындағы негізгі кезеңдері мен бағыттарын білуі, оқытылатын көркем шығармаларды мәнерлеп оқып, талдай білуі, балалардың оқуға деген қызығушылығы мен махаббатын дамыту үшін

әдістемелік тәсілдерді меңгеруі тиіс. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту әдістемесі мектеп жасына дейінгі баланың бейнелеу өнерінің негіздерін, оның түрлерін, жанрларын; бейнелеу іс-әрекетіндегі шығармашылық қабілеттерді дамыту; баланың шығармашылығын дамытуды үлгілеу және диагностикалауға бағытталған. Пәнді оқу нәтижесінде білімгерлер сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және көркем еңбекті жасауды меңгереді.

«Алия» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нің меңгерушісі М.С.Қожамуратова: Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу, оқыту, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын, бала тәрбиесінде отбасына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында ұйымдастырылатын іс-әрекеттер мазмұны, әдістері, құралдары және нәтижелері туралы ақпараттарды өңдеу мен қолдана алатын түлектерді даярлау қазіргі кезеңнің көкейкөрі мәселесі болып табылады. Біз «Мектепке дейінгі балалар диагностикасы және мониторинг», «Арт Педагогика» деген пәндерді ендіруді ұсынып отырмыз. Мектепке дейінгі балалар диагностикасы және мониторинг жүйесі балалардың даму жетістіктерін қадағалаудың кешенді әдістеріне, біліктер мен дағдыларды меңгеру жолдарын, тәсілдерін анықтауға негізделгендігімен таныстыру. Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі, оның түрлі кезеңдердегі даму динамикасын есепке алу; сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарға түзету жүргізуге ықпал ету. АРТ Педагогика арқылы студент меңгерген білім мен біліктерді өнер мен ғылымның түрлі салаларында интеграциялау, осы негізде адам мен өнердің өзара әрекеттестігінің күрделі деңгейлі үдерістері туралы тұтас картина қалыптастыру.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент М.Джаздықбаева: Бірінші мәселе бойынша, Бакалавр деңгейіндегі жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6В01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы сараптама берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева: Екінші мәселе бойынша, жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзеттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК төрағасы А.Жумадуллаева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

Шешім:


1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілсін.
2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірленіп, ББ тізілімдемесіне ұсынылсын.
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленсін.
4. Қаңтар айында атқарылатын іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:



А.Жумадуллаева

Хатшысы:



С.Мирзаева